



ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БИЛИМ
БЕРУ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР
МИНИСТРЛИҒИ

ӘЖИНИЯЗ АТЫНДАҒЫ
НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА
ИНСТИТУТЫ

БЕКІТЕМІН
Оқу істері бойынша проректор
М.Ибрагимов
« 28 / 06 » 2025 ЖЫЛ

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ ПӘНІНЕН

СИЛЛАБУС

(күндізгі бөлім үшін)

Білім саласы: 100000 – Гуманитар сала
Оқыту саласы: 110000 – Педагогика
Оқыту бағыты: 60110800 - Ана тілі мен әдебиеті
(Қазақ тілі және әдебиеті)

Модул/ Пән силлабусы

Турки тілдер факультеті

60111500 - Ана тілі мен әдебиеті Қазақ тілі және әдебиеті

Пән/модул:	Қазіргі қазақ әдеби тілі						
Пән/модул түрі:	Жалпы кәсіби						
Пән/модул коды:	HozQAT105						
Жыл:	4						
Семестр:	5-6						
Оқыту қалпы:	күндізгі						
Жаттығулар қалпы және жалпы семестрге ажыратылған сағаттар:	жалпы	1	2	3	4	5	6
	:						
Жалпы аудитория жаттығулары сағаты:						120	120
Лекция						30	30
Семинар							
Практикалық жаттығулар						30	30
Лаборатория							
Өзіндік білім						60	60
Кредит мөлшері:		-				4	4
Бағалау қалпы:	Сынақ және емтихан						
Курс тілі:	Қазақ						

1. Пән/модулдің мақсаты (ММ)

П/ММ1	<p>Қазіргі қазақ әдеби тілі (Синтаксис) пәнін оқытудан мақсат – лексикология қазақ тілінің генеологиялық және морфологиялық белгілері туралы мәлімет бере отырып, оның зерттелу жайы, сөз құрамының, лексикосемантикалық топтардың, фразеологиялық сөз тіркестерінің лексикографияның тарихы мен қалыптасуы, сөздік жасаудың міндеттері мен принциптері қамтылса, морфология, синтаксистер сөздердің жасалу тәсілдерін, сөз таптарын жіктеу принциптерін, сөз табына тән категориялардың өзіндік ерекшеліктерін, тіліміздің грамматикалық құрылысының табиғатына орай, сөйлемнің біршама аяқталған ойды білдіретіндігі, өзара байланысты екі сөзден, сөз тіркестерінен құралатындығы, сөз тіркесі, жай сөйлем, құрмалас сөйлем синтаксисі тұрғысынан предикаттық қатынасты теориялық тұрғыдан үйрету.</p>
--------------	---

Пәнді меңгеру үшін қажетті бастапқы білімдер

2	<p>«Қазіргі қазақ әдеби тілі» (Синтаксис) - университеттің филология факультетінде қазақ тілі мен әдебиеттің жоғары дәрежелі мамандарын даярлау мақсатымен өтілетін аса қажетті лингвистикалық пәндердің бірі. Осы мақсат аясында ол студенттердің теориялық білімін, тәжірибелік дағдысын, іскерлік қабілетін арттыруға бағытталған. Бакалаврдың жоғары білікті және бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуына бұл пән де өз үлесін қосады.</p> <p>«Қазіргі қазақ әдеби тілі» (Синтаксис) жекелеген сөздерді,</p>
----------	--

	фразеологизмдерді, олардың тобын ғана емес, тілдің қалыптасқан лексикалық жүйесін зерттейді. Лексикология мен лексикографияның қарастыратын негізгі мәселелері – сөздердің, фразеологизмдердің лексикалық жүйеде алатын орны, лексикалық және фразеологиялық мағына, сөздердің, фразеологизмдердің пайда болу, даму, қалыптасу заңдылықтары, жасалуы мен шығу тегі, қарым-қатынас кезіндегі қолданылу қабілеттілігі, сөздердің мағыналық, семантикалық қатынасына қарай жіктелуі, сөздердің лексикалық мағыналарының типтері, эмоциялық, стильдік сипаты, т.т.
--	--

Оқыту нәтижелері (ОН)	
ОН1	Қазіргі қазақ әдеби тілі пәнін оқытуда заманауи тәсілдер мен инновацияларды қолдану үшін қажетті білім мен дағды
ОН2	Қазіргі қазақ әдеби тілі сабақтарында заманауи оқу құралдарын пайдалану
ОН3	Қазіргі қазақ әдеби тілі сабағын заман талабы негізінде тиімді ұйымдастырудың жолдары
ОН4	білім беру саласындағы инновациялық қызмет негіздері
ОН5	Қазіргі қазақ әдеби тілі пәнін оқытуда, сондай-ақ ғылыми зерттеулерде қолданылатын заманауи тәсілдер мен инновациялық технологиялардан хабардар болу
ОН6	Қазіргі қазақ әдеби тілі пәнін оқытудың қазіргі талаптарын білу
ОН7	Қазіргі қазақ әдеби тілі, оның ішінде тіл білімінің негіздері, қазақ тілі практикумы пәнінің мазмұнының, құралдарының, әдістері мен нысандарының үйлесімділігі мен жүйелілігін қамтамасыз ету
ОН8	Сабақта оқу ресурстарын тиімді пайдалану
ОН9	Оқыту мазмұны бойынша ақпаратты өңдеу, қорытындылау және студенттерге жеткізу дағдыларына ие болу
ОН10	Қазіргі қазақ әдеби тілі (Фонтика, Лексикология, Морфология, Синтаксис) сабақтарында заманауи инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану
ОН11	Қазіргі қазақ әдеби тілі (Фонтика, Лексикология, Морфология, Синтаксис) сабақтарына қойылатын заманауи талаптарға негізделген сабақтарды ұйымдастыру дағдыларына ие болу
ОН12	Кәсіби қызметте заманауи тәсілдер мен инновацияларды қолдану

Жаттығу қалпы:	
Лекция (Л) V семестр	
Л1	Синтаксис ілімі, объектісі мен зерттеу саласы. Синтаксистің негізгі объектісі – сөйлем. Сөйлемнің біршама аяқталған ойды білдіретіндігі, өзара байланысты екі не онан да көп сөздерден және сөз тіркесінен құралатындығы анықталады. Қазақ тілі синтаксисі үш салаға бөлінеді: сөз тіркесі синтаксисі, жай сөйлем синтаксисі, құрмалас сөйлем синтаксисі. Бұл салалар бір-біріне тәуелді, өзара шарттас, тілдің синтаксистік жүйесінің жеке-жеке элементтері болып келеді.
Л2	Синтаксис ілімі, объектісі мен зерттеу саласы. Синтаксистің негізгі объектісі – сөйлем. Сөйлемнің біршама аяқталған ойды

	<p>білдіретіндігі, өзара байланысты екі не онан да көп сөздерден және сөз тіркесінен құралатындығы анықталады. Қазақ тілі синтаксисі үш салаға бөлінеді: сөз тіркесі синтаксисі, жай сөйлем синтаксисі, құрмалас сөйлем синтаксисі. Бұл салалар бір-біріне тәуелді, өзара шарттас, тілдің синтаксистік жүйесінің жеке-жеке элементтері болып келеді.</p>
Л3	<p>Синтаксистің негізгі объектісі – сөйлем. Тіл атқаратын қызметтердің ең бастысы - коммуникативтік функция. Бұл функция сөйлем арқылы іске асады. Сөйлемнің басқа тілдік элементтерден, солардың ішінде сөздер тіркесінен ең негізгі өзгешелігі – оның коммуникативтік ең басты және бірден-бір тұлға екендігінде. Сондықтан сөйлем синтаксистің ең негізгі объектісі деп есептеледі. Сөйлемнің сөзден, сөз тіркесінен бөлек единица 4 екенін айқындайтын басты белгілері мыналар: а) сөйлем аяқталған ойды, модамділікті білдіреді; ә) сөйлем өзара байланысқа енген сөздерден, сөз тіркестерінен құралады; б) сөйлем бастауыш пен баяндауыштың байланысынан туған предикатық қатынасты білдіреді.</p>
Л4	<p>Синтаксистің негізгі объектісі – сөйлем¹. Тіл атқаратын қызметтердің ең бастысы - коммуникативтік функция. Бұл функция сөйлем арқылы іске асады. Сөйлемнің басқа тілдік элементтерден, солардың ішінде сөздер тіркесінен ең негізгі өзгешелігі – оның коммуникативтік ең басты және бірден-бір тұлға екендігінде. Сондықтан сөйлем синтаксистің ең негізгі объектісі деп есептеледі. Сөйлемнің сөзден, сөз тіркесінен бөлек единица 4 екенін айқындайтын басты белгілері мыналар: а) сөйлем аяқталған ойды, модамділікті білдіреді; ә) сөйлем өзара байланысқа енген сөздерден, сөз тіркестерінен құралады; б) сөйлем бастауыш пен баяндауыштың байланысынан туған предикатық қатынасты білдіреді.</p>
Л5	<p>Сөз тіркесінің жалпы сипаттамасы. Сөз тіркесінің құрамындағы екі сөздің екеуінің де дербес лексика-грамматикалық мағыналары болады. Бір сөз басқа сөзбен қарым-қатынасқа енбей жеке тұрған қалпында сөйлем мүшесі болмайды; тіркескен сөздердің қосымша мағыналары олардың құрамының лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне негізделеді. Сөз тіркесінің бір белгісі – жаңа грамматикалық мағына тудыратын сөздер тобы болатындығы. Екінші белгісі – кемінде толық мағыналы екі сөзден құралып, оның бірі бағыныңқы, екіншісі басыңқы болады да, әр уақытта сабақтаса байланысады. Осыларды ескеріп сөз тіркесіне мынадай анықтама беруге болады. Синтаксистік қарым- қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағыналы екі сөздің сабақтаса байланысқан синтаксистік тобын <i>сөз тіркесі</i> дейміз.</p>
Л6	<p>Сөз тіркесінің жалпы сипаттамасы. Сөз тіркесінің құрамындағы екі сөздің екеуінің де дербес лексика-грамматикалық мағыналары болады. Бір сөз басқа сөзбен қарым-қатынасқа енбей жеке тұрған қалпында сөйлем мүшесі болмайды; тіркескен сөздердің қосымша мағыналары олардың құрамының лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне негізделеді. Сөз тіркесінің бір белгісі – жаңа грамматикалық</p>

¹ «БВ02305 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы

	мағына тудыратын сөздер тобы болатындығы. Екінші белгісі – кемінде толық мағыналы екі сөзден құралып, оның бірі бағыныңқы, екіншісі басыңқы болады да, әр уақытта сабақтаса байланысады. Осыларды ескеріп сөз тіркесіне мынадай анықтама беруге болады. Синтаксистік қарым- қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағыналы екі сөздің сабақтаса байланысқан синтаксистік тобын <i>сөз тіркесі</i> дейміз.
Л7	Сөйлемнің тұрлаулы тұрлаусыз мүшелері Сөз тіркесінің құрамы: литафоралық тіркес, тұрақты тіркес.Сөз тіркесінің бағыныңқы және басыңқы сыңарлары, жай сөз тіркестері және күрделі сөз тіркестері. Сөз тіркестерінің құрылысы; сөз тіркестерінің сатылары, ортақтаса байланысуы. Түйдекті тіркестер: күрделі етістіктер тобы, күрделі есімдер тобы, тұрақты тіркестер тобы. Тұрақты тіркестердің түрлері: идиомалық тіркестер мен фразалық тіркестер.
Л8	Сөйлемнің тұрлаулы тұрлаусыз мүшелері Сөз тіркесінің құрамы: литафоралық тіркес, тұрақты тіркес.Сөз тіркесінің бағыныңқы және басыңқы сыңарлары, жай сөз тіркестері және күрделі сөз тіркестері. Сөз тіркестерінің құрылысы; сөз тіркестерінің сатылары, ортақтаса байланысуы. Түйдекті тіркестер: күрделі етістіктер тобы, күрделі есімдер тобы, тұрақты тіркестер тобы. Тұрақты тіркестердің түрлері: идиомалық тіркестер мен фразалық тіркестер.
Л9	Сөздердің тіркесу тәсілдері мен байланысу формалары Жалғаулар, шылаулар, сөздердің орын тәртібі, интонация, синтетикалық байланыс, аналитикалық байланыс.Сөздердің синтаксистік байланысу формалары: қиысу, матасу, меңгеру, жанасу, қабысу.
Л10	Сөз тіркесін топтастыру тіркесу қабілетіне қарай екі топқа бөлінуі: 1) есімді сөз тіркестері; 2) етістікті сөз тіркестері. Қабыса байланысқан есімді сөз тіркесіне: зат есімді, сын есімді, сан есімді, есімшелі, есімдікті және үстеулі сөз тіркестері, матаса байланысқан сөз тіркестері, меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері жатады. Қабыса байланысқан сөз тіркестеріне: үстеулі, еліктеуішті, сын есімді, көсемшелі, сан есімді, зат есімді сөз тіркестері кіреді. Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестеріне: табыс жалғаулы, барыс жалғаулы, шығыс жалғаулы, жатыс жалғаулы, көмектес жалғаулы, шылаулы сөз тіркестері жатады.
Л11	Сөздердің тіркесу тәсілдері мен байланысу формалары² Жалғаулар, шылаулар, сөздердің орын тәртібі, интонация, синтетикалық байланыс, аналитикалық байланыс.
Л12	Сөздердің синтаксистік байланысу формалары: қиысу, матасу, меңгеру, жанасу, қабысу.
Л13	Сөз тіркесін топтастыру тіркесу қабілетіне қарай екі топқа бөлінуі: 1) есімді

² «БВ02305 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы

	сөз тіркестері; 2) етістікті сөз тіркестері. Қабыса байланысқан сөз тіркестеріне: үстеулі, еліктеуішті, сын есімді, көсемшелі, сан есімді, зат есімді сөз тіркестері кіреді.
Л14	Қабыса байланысқан есімді сөз тіркесі: зат есімді, сын есімді, сан есімді, есімшелі, есімдікті және үстеулі сөз тіркестері, матаса байланысқан сөз тіркестері, меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері жатады.
Л15	Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестер: табыс жалғаулы, барыс жалғаулы, шығыс жалғаулы, жатыс жалғаулы, көмектес жалғаулы, шылаулы сөз тіркестері жатады.
	ЖАЛПЫ 30
№	Жаттығу қалпы: Лекция (Л) VI семестр
Л1	Жай сөйлем синтаксисі объектісі мен тармақтары. Сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай: хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті түрлері.
Л3	Жай сөйлемдер тұрлаулы мүшелердің қатысына қарай а) атаулы; ә) толымды; б) толымсыз; в) жақты; г) жақсыз болып бөлінетіндігі.
Л4	Тұрлаусыз мүшенің қатысына қарай жалаң және жайылма болып ажыратылату. Тұлғасына қарай болымды және болымсыз сөйлемдер болып жіктелетіндігі.
Л5	Жай сөйлем синтаксисі объектісі мен тармақтары. Сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай: хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті түрлері. Жай сөйлемдер тұрлаулы мүшелердің қатысына қарай: а) атаулы; ә) толымды; б) толымсыз; в) жақты; г) жақсыз болып бөлінетіндігі.
Л6	Жай сөйлемдердің құрмаласу тәсілдері: жай сөйлемдердің көсемше, есімше, шартты рай, шылаулар арқылы құрмаласуы, жай сөйлемдерді құрмаластыруда 2 интонацияның қызметі, құрмалас сөйлем компоненттерінің орналасу тәртібі.
Л7	Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері: Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі, сөйлемде кездесетін оқшау сөздер.
Л8	Құрмалас сөйлем синтаксисі Құрмалас сөйлем синтаксисі, оның анықтамасы мен объектісі. Жай сөйлемдердің құрмаласу тәсілдері: жай сөйлемдердің көсемше, есімше, шартты рай, шылаулар арқылы құрмаласуы, жай сөйлемдерді құрмаластыруда 2 интонацияның қызметі, құрмалас сөйлем компоненттерінің орналасу тәртібі. Құрмалас сөйлемнің түрлері: салалас құрмалас, сабақтас құрмалас, аралас құрмалас сөйлемдер және олардың түрлері.
Л9	Құрмалас сөйлем синтаксисі, оның анықтамасы мен объектісі.
Л10	Құрмалас сөйлемнің түрлері: салалас құрмалас, сабақтас құрмалас, аралас құрмалас сөйлемдер және олардың түрлері.
Л11	Құрмалас сөйлемнің түрлері: салалас құрмалас, сабақтас құрмалас, аралас құрмалас сөйлемдер және олардың түрлері.
Л12	Бөгде сөз және оның түрлері Төл сөз бен автор сөзі.

Л13	Бөгде сөз және оның түрлері Төл сөз бен автор сөзі.
Л14	Тыныс белгілері Тыныс белгілері, түрлері мен қызметі, топтастырылуы – сөйлем саптауда келетін тыныс белгілері мен сөйлем ішінде келетін тыныс белгілері.
Л15	Тұрлаулы мүшелер. Тұрлаулы мүшелер - сөйлемге негіз болатын мүшелер. Тұрлаулы мүшелерге бастауыш пен баяндауыш жатады. Логикалық тұжырым бойынша, сөйлем – пікірге, бастауыш – субъектіге, баяндауыш – предикатқа негізделеді. Тұрлаулы мүшелер тек зат есім мен етістіктен ғана жасалмайды, олардың құрамында басқа сөз таптары да кездеседі. Бастауыш негізінен зат есімнен және зат есім мәніндегі сөз таптарынан жасалса, баяндауыш көбіне, етістіктен жасалуға бейім десек те, өзге есім сөз таптарынан да жасалады
	ЖАЛПЫ 30

Жаттығулар қалпы: Практикалық жаттығулар (II) 5-семестр	
П 1.	Синтаксис ілімі, объектісі мен зерттеу саласы.
П 2.	Сөз тіркесінің, сөйлем түрлерінің грамматикалық құрылымын зерттейтін ілім синтаксис екендігі. Синтаксис сөздерді сөйлемнің бөлшектері ретінде, ал қосымшаларды сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырып тұратын грамматикалық категория ретінде тексереді
П 3.	Синтаксистің негізгі объектісі сөйлем.
П 4.	Синтаксистің басты басты салалары.
П 5.	Сөз тіркесі синтаксисі.
П 6.	Жай сөйлем синтаксисі.
П 7.	Құрмалас сөйлем синтаксисі.
П 8.	Сөз тіркесінің жалпы сипаттамасы.
П 9.	Сөз және сөз тіркесі.
П 10.	Синтаксистік сөз тіркесінің өзіне тән белгілері: 1) сөз тіркесінің құрамында кемінде толық мағыналы екі сөз болады; 2) сөз тіркесінің әр сыңары жеке сұрауға жауап береді; 3) сөз тіркесінің әр сыңары сөйлемде белгілі сөйлем мүшесі қызметін атқарады; 4) сөз тіркесінің әр сыңары дара сөзден де, күрделі сөзден де жасала береді; 5) сөз тіркесінің бір сыңары бағыныңқы, екінші сыңары басыңқы болып келеді.
П 11.	Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері: Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері.
П 12.	Сөздердің тіркесу тәсілдері мен байланысу формалары.
П 13.	Жалғаулар, шылаулар, сөздердің орын тәртібі, интонация, синтетикалық байланыс, аналитикалық байланыс.
П 14.	Сөздердің синтаксистік байланысу формалары: киысу, матасу, меңгеру, жанасу, қабысу.
П 15.	Жай сөйлем синтаксисі объектісі мен тармақтары. Сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай: хабарлы, сұраулы, бұйрықты және

	лепті түрлері Жай сөйлемдер тұрлаулы мүшелердің қатысына қарай: а) атаулы; ә) толымды; б) толымсыз; в) жақты; г) жақсыз
	Жалпы 30

5-семестр Өзіндік білім

№	Өзіндік білім тақырыптары	Ажыратылған сағат
1.	Өз бетінше ізденеді, мазмұндық тұрғыдан конспект жасайды	20
2.	Презентация жасау	10
3.	Конспект жасау, Глоссарий дайындау	10
4.	Реферат дайындау, Сөздіктер бойынша глоссарий жазу	10
5.	Тақырып бойынша презентация және реферат дайындайды.	10
	Жалпы	60

Курс жұмысын орындау бойынша ұсыныстар

Курс жұмысы – оқу үдерісімен қатар орындалатын жұмыстардың ең күрделісі. Бұл, әдетте, студенттің нақты бір мәселені өз бетімен, шығармашылық бағытта ойластыру шамасын тексеру амалы болмақ, соған орай, оның ғылыми-зерттеу ісіне деген ынта-жігері, икемділігі, өз мамандығына байланысты білім дәрежесі байқалмақ.

Курс жұмысының тақырыбы ғылыми, практикалық маңызы жағынан аталып, жүйелі түрде талданылған тілдік деректер негізінде сипатталуға тиіс. Курс жұмысын бұлайша жазып құрастыру студенттердің қазақ тілі мен әдебиет пәндерінен білімін кеңейте түседі; ғылыми жұмыс жүргізуге ынталандырып, оның жолы мен әдісін үйренуге дағдыландырады. Демек, курс жұмысы ғылыми-зерттеу ісінің алғашқы бір түрі болып саналады.

Курс жұмысы бір жыл бойында әзірленеді. Бұл – VIII семестр үшін орындайтын жұмысқа VII семестрдің басында кірісуі керек деген сөз. Осы кездерге дейін студенттер қазақ тіл білімі жайында біраз курстарды өтеді, негізгі әдебиеттермен (оқу құралдарымен) танысады, жалпы мамандық курстың салалары бойынша бақылау-жаттығуларын орындайды. Бұлар курс жұмысының уақытында, талапқа сай жазылып бітуіне кең мүмкіндік береді. Әрине, курс жұмысының ойдағыдай, жақсы жазылуы студенттің өз мамандығынан қаншалықты теориялық, практикалық дайындығы барына және саналы түрде қызмет жасауына байланысты.

Курс жұмыстарының тақырыптары

1. Абай қара сөздері морфологиялық ерекшелігі.
2. Абай шығармаларындағы кірме сөздердің қолдану ерекшелігі.
3. А.Ысқақов жалпылингвистикалық тұжырымдамалары.
4. Антонимдердің көркем шығармадағы қызметі.
5. Атаулы сөйлем туралы түсінік.
6. Қазақ тілінде дауысты дыбыстардың артикуляциялық сипаты.
7. Демеулік шылаулардың зерттелуі.
8. Демеулік шылаулардың қолданылуы.
9. Есімшелердің құрмалас сөйлем жасаудағы қызметі.
10. Есімшелердің функционалдық парадигмалық жүйесі.
11. Етістікті фразеологизмдердің грамматикалық ерешеліктері.
12. Етістік аналитика форматы құрылым және мағына ерекшелігі.

13. Еліктеу сөздердің фонематикалық сипаты.
14. Жалаң түбір тұлғасы семантикасы.
15. Күрделі сөздер семантикасы
16. Көркем мәтінде окказионал фразеологизм жасалуы.
17. Компонентер неологизм.
18. Қазақ тіліндегі дисфемизм.
19. Қазақ тіліндегі есімдіктер.
20. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдерді топтастыру.
21. Қазақ тілі сөзжасамдары лексика-семантика тәсілі көрінісі.
22. Қос сөздердің қазақ тіл біліміндегі зерттелу тарихы.
23. Тәуелдік жалғауы.
24. Сан есімді оқыту.
25. Сөздің морфология құрылымы.
26. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері және грамматикалық тұлғасы.
27. Семантикалық фразеологизм.
28. Синонимдік қатардың жасалуы.
29. Сөз тіркесінің байланысу формалары.
30. Ғалым Мархабат Томановтың қазіргі қазақ тіл біліміндегі орны.
31. Ғалым Құдайберген Жұбановтың қазіргі қазақ тіл біліміндегі орны.
32. Ғалым Ш.К.Бектұровтың қазақ тіл білімінде алатын орны.
33. Абай шығармаларының тілінің зерттелуі
34. Ж. Баласағұн «Құтты білік» шығармасындағы араб-парсы сөздері.
35. Мақал-мәтелдердің тілдік ерекшелігі.
36. Зергерлік өнерге байланысты кәсіби сөздер
37. Фразеологизм –лексикалық сөзжасамның тәсілдерінің бірі
38. Х.Есенжанов шығармаларындағы жергілікті тілдік ерекшеліктер
39. Ғалым І.Кеңесбаевтың қазақ тілі білімі бойынша зерттеулері
40. Ғалым Р.Сыздықованың лингвистикалық зерттеулері
41. Ғалым А.Ысқақовтың қазақ тілі білімі бойынша зерттеулері
42. Ғалым М.Балақаевтың қазақ тілі білімі бойынша зерттеулері
43. Күрделі сөздердің жасалу жолдары
44. Анатомиялық атауларға байланысты фразеологизмдер
45. Өлшемдік ұғымды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері

Жаттығулар қалпы: Практикалық жаттығулар (II) 6-семестр	
П 1.	Синтаксис ілімі, объектісі мен зерттеу саласы.
П 2.	Сөз тіркесінің, сөйлем түрлерінің грамматикалық құрылымын зерттейтін ілім синтаксис екендігі. Синтаксис сөздерді сөйлемнің бөлшектері ретінде, ал қосымшаларды сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырып тұратын грамматикалық категория ретінде тексереді
П 3.	Синтаксистің негізгі объектісі сөйлем.
П 4.	Синтаксистің басты басты салалары.
П 5.	Сөз тіркесі синтаксисі.
П 6.	Жай сөйлем синтаксисі.

П 7.	Құрмалас сөйлем синтаксисі.
П 8.	Сөз тіркесінің жалпы сипаттамасы.
П 9.	Сөз және сөз тіркесі.
П 10.	Синтаксистік сөз тіркесінің өзіне тән белгілері: 1) сөз тіркесінің құрамында кемінде толық мағыналы екі сөз болады; 2) сөз тіркесінің әр сыңары жеке сұрауға жауап береді; 3) сөз тіркесінің әр сыңары сөйлемде белгілі сөйлем мүшесі қызметін атқарады; 4) сөз тіркесінің әр сыңары дара сөзден де, күрделі сөзден де жасала береді; 5) сөз тіркесінің бір сыңары бағыныңқы, екінші сыңары басыңқы болып келеді.
П 11.	Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері: Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері.
П 12.	Сөздердің тіркесу тәсілдері мен байланысу формалары.
П 13.	Жалғаулар, шылаулар, сөздердің орын тәртібі, интонация, синтетикалық байланыс, аналитикалық байланыс.
П 14.	Сөздердің синтаксистік байланысу формалары: киысу, матасу, меңгеру, жанасу, қабысу.
П 15.	Жай сөйлем синтаксисі объектісі мен тармақтары. Сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай: хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті түрлері Жай сөйлемдер тұрлаулы мүшелердің қатысына қарай: а) атаулы; ә) толымды; б) толымсыз; в) жақты; г) жақсыз
	Жалпы 30

6-семестр Өзіндік білім

№	Өзіндік білім тақырыптары	Ажыратылған сағат
1	Өз бетінше ізденеді, мазмұндық тұрғыдан конспект жасайды	20
2	Презентация жасау	20
3	Реферат дайындау, Сөздіктер бойынша глоссарий жазу	20
	Жалпы	60

Оқу нәтижелерін бағалау үшін балдар төмендегі тәртіпте амалға асырылады:

Ағымдағы бақылау балы	Аралық бақылау балы	Қорытынды бақылау балы
Аудитория жаттығуларында берілген тапсырмаларды орындағаны үшін – ағымдағы бағалау (Ағ.Б.); Өзіндік білім тапсырмаларын орындағаны үшін – өзіндік жұмысты бағалау (Өз.Ж.Б.);	Аралық бақылау кезінде жауап бергені үшін – аралық бақылау балы (Ар.Б.Б.) Өзіндік білім тапсырмаларын орындағаны үшін – өзіндік жұмысты бағалау (Өз.Ж.Б.);	Қорытынды бақылау кезінде жауап бергені үшін – қорытынды бақылау балы (Қор.Б.Б.)
<i>Ағымдағы бақылаудың максимал балы – 30 балл: $\Sigma \text{Ағ.Б} = \text{Ағ.Б} + \text{Өз.ЖБ}$</i>	<i>Аралық бақылаудың максимал балы – 20 балл: $\Sigma \text{Ар.Б} = \text{Ар.Б.Б} + \text{Өз.ЖБ}$</i>	<i>Қорытынды бақылаудың максимал балы: - 50 балл</i>
<i>$\Sigma \text{Ағ.Б.} + \Sigma \text{Ар.Б.} > 30$ балл жинаған студент қорытынды бақылау тапсыруға рұқсат беріледі.</i>		

10. Оқу-әдістемелік әдебиеттер мен электронды оқу ресурстары тізімі.

Негізгі оқулықтар мен оқу құралдары

№	Авторлар	Оқулық аты	Баспасы, жылы	Оқулықтың АРОдағы шифры	Оқулықтың АРОдағы инвентар саны
1.	Аханов К	Тіл білімінің негіздері	Алматы, 2015. - 557 б.		
2.	Дуйсабаева Д.	Қазіргі қазақ әдеби тілі.	Ташкент, 2020. - 406 б.		
3	Сайфуллаев Б.	Қазақ тілі практикумы.	Ташкент, 2024. – 226 б.		
4	Әбікенова Г.Т.	Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы.	Семей, 2019. – 141 б		
5	Куттымуратова Ы., Бекниязов Б.	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясынан жаттығулар кешені.	Ташкент, 2024. – 200 б.		

Қосымша әдебиеттер:

6. Мирзиёев Шавкат Миромонович. Эркин ва фаровон, демократик Ўзбекистон давлатини биргаликда барпо этамиз. Ўзбекистон

Республикаси Президенти лавозимига киришиш тантанали маросимига бағишланган Олий Мажлис палаталарининг қўшма мажлисидаги нутқ / Ш.М. Мирзиёев. –Тошкент : Ўзбекистон, 2016. - 56 б.

7. Мирзиёев Шавкат Миромонович. Танқидий таҳлил, қатъий тартиб- интизом ва шахсий жавобгарлик – ҳар бир раҳбар фаолиятининг кундалик қондаси бўлиши керак. Мамлакатимизни 2016 йилда ижтимоий-иқтисодий ривожлантиришнинг асосий яқунлари ва 2017 йилга мўлжалланган иқтисодий дастурнинг энг муҳим устувор йўналишларига бағишланган Вазирлар Маҳкамасининг кенгайтирилган мажлисидаги маъруза, 2017 йил 14 январ / Ш.М. Мирзиёев. – Тошкент :Ўзбекистон, 2017. – 104 б.

8. Мирзиёев Шавкат Миромонович. Буюк келажакимизни мард ва олижаноб халқимиз билан бирга қурамыз. Мазкур китобдан Ўзбекистон Республикаси Президенти Шавкат Мирзиёевнинг 2016 йил 1 ноябрдан 24 ноябрга қадар Қорақалпоғистон Республикаси, вилоятлар ва Тошкент шаҳри сайловчилари вакиллари билан ўтказилган сайловолди учрашувларида сўзлаган нутқлари ўрин олган. /Ш.М.Мирзиёев. – Тошкент: “Ўзбекистон”, 2017. – 488 б

9. Ўзбекистон Республикаси Президентининг Фармони. Ўзбекистон республикасини янада ривожлантириш бўйича ҳаракатлар стратегияси тўғрисида. (*Ўзбекистон Республикаси қонун ҳужжатлари тўплами, 2017 й., 6-сон, 70-модда*)

10.2017-2021 йилларда Ўзбекистон Республикасини ривожлантиришнинг бешта устувор йўналиши бўйича Ҳаракатлар стратегияси. Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2017 йил 7

19. февралдаги ПФ-4947 сонли Фармони.

11. М.Балақаев. Қазіргі қазақ тілі. А.: 1992.

12. М.Оразов. Көмекші сөздер. Ташкент, 199.

13. М.Оразов. Етістік. Алматы, 2001.
 14. Н.Оралбаева және т.б. Практикалық қазақ тілі. А.: 1993.
 15. Ғ.Қалиев және т.б. Қазіргі қазақ тілі (лаб.жұмыстар). А.: 1992.

Бердібай Шалабай Қазіргі қазақ тілі синтаксис Оқу құралы Стереотиптік басылым Алматы «Қазақ университеті» 2020³

Ақпарат ресурстары:

16. www.gov.uz – Ўзбекистон Республикаси ҳукумат порталы.
 17. www.lex.uz – Ўзбекистон Республикаси Қонун ҳужжатлари маълумотлари миллий базаси.
 18. www. tdpu.uz
 19. www. ziyonet.uz
 20. www.bilim.kz
 21. <https://farabi.university/?lang=kz>
 22. <https://elibrary.kaznu.kz/kk/>

Пән оқытушысы жөнінде

Бағдарлама авторлары:	Ы.Құттымұратова –“Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасы доценті Phd Б.Бекниязов –“Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасы Phd
E-mail:	<i>quttimuratova@gmail.com</i>
Пікір білдіргендер:	Г.Адилова - ҚМУ, “Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасы меңгерушісі, ф.ф.ф.д. (PhD) Е.Алланазаров – НМПИ, “Қарақалпақ тілі” кафедрасы меңгерушісі, ф.ф.к.

Бұл силлабус институт оқу-методикалық Кеңесінің 2025 жыл 28-06-2025 санды мәжілісі баяндамасымен бекітілді.

Бұл силлабус “Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасының 2025 жыл 25-06-2025 - санды мәжілісі баяндамасымен мақұлданған.

Оқу-методикалық басқарма басшысы:



А.Абдиев

Факультет деканы:



Б.Давлетов

Кафедра басшысы:



Ы.Құттымұратова

Түзуші:



Ы.Құттымұратова

³ <https://dokumen.pub/9786012475470.html>